

"Даму проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 ақпандағы N 222 қаулысы

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Даму проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесі "Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Орталықтың жарғысын бекітсін және әділет органдарында қайта тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) < * >
2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі